

Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру

Көрсетілетін қызметті беруші "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қызметті алушылар жеке және заңды тұлғалар

Қызмет көрсету орны 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ
2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы

Қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) және порталға:
жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын алу үшін:
пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер, жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бірінші жұмыс күні;
жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері екінші жұмыс күні беріледі;
жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік объектілері үшінші жұмыс күні беріледі.
көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минуттан аспайды;
көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минуттан аспайды.

Қызмет құны

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы көрсетіледі.
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін төлем Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 [бұйрығымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13353 болып тіркелген) бекітілген салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес айқындалады).
Төлем сондай-ақ портал арқылы "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

Құжаттар тізбесі

өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға үшін;

жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша:

Жүгіну кезінде:

1) қызмет көрсетушіге:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық паспорттың телнұсқасын беруге өтініш көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі; жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты қоса берілген жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжат;

тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасына сәйкес төлемді растайтын құжат;

2) порталға:

ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, ЭЦҚ-мен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының электрондық көшірмесі қоса берілген жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;

ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қызмет көрсету нәтижесі

1) қызмет көрсетушіге:

жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасы;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне алу орны мен күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі;

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020766>